![Әділет]

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 ақпандағы N 239 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 18 желтоқсан N 239а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 ақпандағы N 239 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара" деген 5-бағанының 1) тармақшасында: "ренталық әдіс" деген сөздерден кейін " және ландшафтық картографиялау" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара" деген 5-бағанында:

"7999,4", "3730,5", "12332,9", "2990" деген сандар тиісінше "3700,0", "7621,4", " 9820,1", "4965,9" деген сандармен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулыға 7-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 6-жолмен толықтырылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | | | "Пилоттық аймақ аумағының<br>электрондық сандық карталарын<br>жасау (Ақтөбе облысының 2 ау.<br>даны): дайындық жұмыстары;<br>бірыңғай кодификаторларды жа.<br>сау; картографиялық деректер.<br>ді жандандыру; кадастрлық<br>сандық электрондық карталарды<br>жасау; топографиялық сандық<br>электрондық карталарды жасау;<br>топырақтың сандық электрондық<br>карталарын жасау; геоботани. | қазан-жел-<br>тоқсан | Қазақстан<br>Республикасы.<br>ның Жер<br>ресурстарын<br>басқару<br>жөніндегі<br>агенттігі |

|      |   |      |калық   сандық   электрондық   кар.|                    |
|     |   |      |таларды   жасау;   жұмыстарды         |                    |
|     |   |     |тапсыру";                                          |                    |

---

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК